

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген
«Кәмелет жасына толмағандар арасында аутодеструктивті оқиғалардың, лудомания, булинг-кибербулинг, интернет алаяқтықтың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, құқықбузушылықтың алдын алу» жиынының**

Хаттамасы №

Жетісай қаласы

Өтілген мерзімі: 15.10.2025ж. сағ:16⁰⁰

Өтілген орны: АКТ залы.

Қатысқандар: 9-10-11 сынып оқушылары.

1. «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ДТІЖО Нұрмағанбетов Нұрлыбек Ахметжанұлы
2. Жетісай АПБ ЖПҚ КТЖ УПИ ЮПТ полиция каптитаны Турмаханбетов Қылышбек Қалдыбайұлы
3. ЖЕТІСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция майоры Салтореев Азамат Сағдатұлы
4. ЖЕТІСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция майоры Қарабаев Бекжан Бимаханбетұлы
5. ЖЕТІСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция каптитаны Байтилеуов Алмат Турлыбекұлы
6. ЖЕТІСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Тагаев Спандияр Тұрсынбайұлы
7. ЖЕТІСАЙ АПБ ЖПҚ КТЖ УПИ ЮПТ полиция каптитаны Насырбаев Нурдаелет Ғалиұлы
8. Әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат Абдіманапқызы
9. Педагог-психолог Рахимова Бибігүл Сапарқызы

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында құқықбузушылықтың алдын алу,
2. Интернат алаяқтық алдын алу;
3. Буллинг пен кибербуллингке қарсы әрекеттер.
4. Лудомания (ойынға тәуелділік) мен аутодеструктивті мінез-құлықтың (өз-өзіне зиян келтіру) себептері мен салдары.
5. Зорлық-зомбылықтың түрлері және оның бала психикасына әсері.
6. Есірткі, снюс, никотин өнімдерінің зияны.
7. Оқушылармен тәрбиелік жұмысты күшейту жолдары.

Тыңдалды:

Бүгінгі қаралатын мәселе бойынша мектеп-интернаттың ДТІЖО Нурмағанбетов Нұрлыбек ағай сөз сөйлеп, Бала тәрбиесі- басты байлығың, кешіксең, көретінің —қайғы-мұң (Абай) - деп айтып кеткендей, «БІР ТҰТАС ТӘРБИЕ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ» «Досболайк» жобасы негізінде атқарылатын іс-шаралармен таныстырып, белсенді қатысуға шақырды.

Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалардың, лудомания, булинг-кибербулинг, интернет алаяқтықтың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, маскүнемдік пен есірткінің, дроппер, құқықбузушылықтың алдын алу мақсатында кездесу өткізіліп жатқанын айтты. Осы жиынға қатысып отырған мүшелері таныстырып өтті.

Бүгінгі қаралатын мәселе бойынша Жетісай АПБ ЖПҚ КТЖ УПИ ЮПТ полиция каптитаны Турмаханбетов Қылышбек Қалдыбайұлы 2025 жылдың 9 ай көлемінде жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстар 24-ден 28-ге немесе 16,7% пайызға өсіп, ал

жасөспірімдермен жасалған қылмыстар 6-дан 13-ге өскен. Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалар; Лудомания дегеніміз не? Ойынға тәуелділікті қалай тануға болады? Аталған дертке шалдыққан адам өз-өзін басқара алмайды. Ең бастысы бұл зиянды тәуелділіктен қалай аулақ болу керек. Тәуелділіктің пайда болуы, оған бейімділік, формалар мен кезеңдер туралы айтып қана қоймай, мәселені шешу үшін пайдалы медиа көздерін ұсынды. Кездесуде елімізде лудоманияның алдын алу үшін не жасалып жатқаны, мемлекет басшысының тиісті тапсырмалары қалай іске асырылып жатқаны туралы ақпарат айтылды. Сонымен қатар интернет-алаяқтар арам ойын іске асыру үшін мына әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданады: Олар өздерін «банк қызметкері» немесе «құқық қорғау органдарының өкілі» ретінде таныстырады. Жалған нөмірлермен қоңырау шалып, сіздің есепшотыңыздағы ақшаларды шұғыл басқа шотқа аудартуға немесе атыңыздан несие рәсімдеуге тырысады. Қазіргі таңда кең тараған интернет-алаяқтық Дроппер немесе дроп бұл - алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін. Осылайша дроп өзін қылмыстық схемаға тартылғанын әр дайым түсіне бермейді, өйткені алаяқтар әдетте өз әрекеттерін «заңды бизнес» ретінде жасырады.

ЖЕТИСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Тагаев Спандияр Тұрсынбайұлы Буллинг деген не? Кибербуллинг деген не? сұрақтарын қоя отырып түсінік жұмыстары жүргізілді. Буллинг деген не? Қорлау (буллинг) – басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдану. Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлықтың басқа түрлерінен ерекшелігі – бірнеше рет қайталанады және жеке адамға немесе топқа бағытталады.

ЖЕТИСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция капитаны Байтилеуов Алмат Турлыбекұлы Маскүнемдік және есірткінің алдын алу жұмыстару жөнінде түсіндіріп өтті. Нашәқорлық - есірткіні қолданудан туындаған ауру. Есірткі-бұл жүйке жүйесіне әсер ететін және адамның психикасын өзгертетін заттар. Есірткіге тәуелділік психикалық және физикалық болып бөлінеді. Есірткіні қолданудың алғашқы кезеңдерінде адам өте жағымды сезімдерді сезінеді және бұл процесті қайта-қайта қайталағысы келеді. Затты қабылдаудан үзіліс кезінде тәуелді адамның көңіл-күйі нашарлайды, ол тітіркенеді және есірткінің келесі дозасынан басқа ештеңе туралы ойлана алмайды.

Келесі қаралатын мәселе жөнінде ЖЕТИСАЙ АПБ ЖПҚ УПИ полиция майоры Салтореев Азамат Сағдатұлы сөз берілді, «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі, лудомания, жасөспірімдермен орын алатын құқықбұзушылықтармен жол-көлік оқиғасына аса мән берілуде. Зорлық - зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу жөнінде түсіндіріп өтті. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек. Осыған байланысты Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнде компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі уақыттарда көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғанын және елімізде кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың ісімен шұғылданатын арнайы орталық бар екенін оқушыларға түсіндірді. Сондай-ақ Ұрлық, қарақшылық, жолда жүру ережелерін дұрыс білуге, сақтауға кеңес берді.

Әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат апай жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ақпараттар беріліп, жалпы отбасындағы құндылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тәрбие – баланың мінез-құлқын, дүниетанымын, адамгершілігін қалыптастыратын үдеріс. Жақсы тәрбие – болашақта жауапкершілікті азамат тәрбиелеудің негізі. Тәрбиенің бастауы – отбасында. Ата-ана мен мұғалім — тәрбие мен білім берудің екі қанаты. Екеуі бір бағытта жұмыс жасайды, бала саналы, тәрбиелі, табысты азамат болып өсуі керек. Еліміз аман, жұрытмыз тыныш болсын! – деп сөзін аяқтады.

Педагог-психолог Рахимова Бибігүл Сапарқызы оқушылар арасында кемшіліктердің, жат қылықтардың алдын алу, аулақ болу мақсатында «Жалғыздықты сезіну» сауалнамасы алынды.

Сондай-ақ "Құқық бұзушылықтың алдын алу", «Нашақорлық», «Әлімжеттік немесе булинг», «Интернет алаяқтық, дроппер» тақырыптарында бейнеролик көрсетіліп, оқушылар өзара пікір алмасып, сұрақтарға жауаптар алынды.

Төмендегідей мәселелер қаралып, қаулы етеді:

1. Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалар, құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, лудомания, булинг-кибирбулинг, ерте жүктіліктің алдын алу тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.
2. Зорлық – зомбылыққа душар болған жағдайда «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі», ««111» ақпараттық қызметінің қызметін пайдалану
3. Бөгде адамдармен қарым – қатынас жасауды басты назарда ұстау
4. Мектебімізде қандай да бір жат іс-әрекетін байқалған жағдайда мектеп басшыларына хабардар етілсін.
5. Буллинг пен зорлық белгілері байқалған жағдайда дереу шара қолдану.
6. Есірткі, снюс, лудоманияға қарсы үгіт жұмыстарын күшейту.
7. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, оқушының мінез-құлқын бірге бақылау.

ДТІЖО:

Н.Нұрмағанбетов

Әлеуметтік педагог:

Л.Байбосынова

**Жетісай АПБ ЖПҚ КТЖ УПИ ЮПТ
полиция капитаны**

К. Турмаханбетов

Педагог-психолог:

Б. Рахимова



